

**Панфилов ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы  
мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық және бірыңғай жер салығының  
мөлшерлемелерін жоғарылату туралы**

**Күшін жойған**

Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2016 жылғы 27 сәуірдегі № 6-4-23 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылды 18 мамырда № 3837 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2018 жылғы 17 мамырдағы № 6-36-224 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 17.05.2018 № 6-36-224 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 386 -бабының 5-тармағына, 444-бабының 1-тармағына сәйкес, Панфилов аудандық мәслихаты

**ШЕШІМ**

**ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Панфилов ауданы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес, пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Аудандық мәслихат аппаратының бас маманы Нұралинова Құлбан Нұртайқызына осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Панфилов аудандық мәслихатының "Бюджет, экономика, аграрлық, кәсіпкерлік, өндіріс, автокөлік жолдары және құрылыш мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат сессиясының төрағасы*

*Мәслихат хатшысы*

*A. Иманбеков*

*E. Нұрахметов*